



№62 (9949)
8 тамыз
сейсенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



Жәрмеңке



Сапалы өнім сұранысқа ие

АУДАН ЖҰРТЫ ҮШІН КЕШЕГІ СЕНБІ БЕРЕКЕЛІ БОЛДЫ ДЕСЕК ТЕ БОЛАДЫ. ӨЙТКЕНІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМӨҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРҒА ҰСЫНЫЛҒАН ЕГІНЖАЙ ӨНІМІНІҢ БАҒАСЫ АРЗАН БОЛҒАНЫМЕН, САПАСЫ СЫН КӨТЕРЕДІ. МҰНЫ ХАЛЫҚ ТА ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. СОЛ СЕБЕПТІ ЖӘРМӨҢКЕНІ АСЫҒА КҮТІП, ҚЫСТЫҚ АЗЫҒЫН ҚАМДАП АЛУҒА ТЫРЫСАДЫ.

Осы жылы жергілікті жерлерде бақша өнімдерін орналастыруға жер ашылып, елді мекен тұрғындарының бақша егіп, қажет өнімін молынан алуына жағдай жасалды. Жергілікті тұрғындар шаруашылықтардың демеушілігімен ауданда ашылған 500 гектар жердің 217 гектарына картоп, 63 гектарына көкөніс, 220 гектарына бақша дақылдарын егіп, күтімге алды. Жаңадан ашылған 500 гектар жер 921 отбасыға үлестіріліп, бұл күні барлық отбасы бақша өнімдерін баптап отыр. Тіпті егінжай баптаған азаматтар өнімдерін бірнеше рет аудан орталығына әкеліп, қолжетімді бағада сатып, нәпақасын айырып та жүр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне әкелінген бақша өнімдерінің барлық түрлерімен қатар, жоңышқа және шөп преске дейін бар. Ал Жаңадария, Таң ауылдарынан келген жергілікті өнімге аудан тұрғындарының сұранысы жоғары болғанына бәріміз кәуә болдық. Иә, күнделікті тұтынатын азық-түлік түрлері картоп 200, сәбіз 300, пияз 200, қауын келісі 150, қарбыз келісі 100, қырыққабат 400 теңгеден болса, сондай-ақ жоңышқа 650, шөп пресі 350-ден сатылды. Сонымен бірге жәрмеңкеге қой мен тоқтыларын әкеліп, сатылымға шығарғандар да табылды. Қойдың бағасы 50 000-нан келсе, тоқтыны 40 000-ға бағалады.

— Жалағаштық еңбеккерлер өндірген өнімнің тұрақты тұтынушысымын. Себебі жыл сайын арзан әрі сапалы өнімді молынан алып қоюға тырысамыз. Мезгілімен ұйымдастырылатын жәрмеңке биыл да жалғасын тауып жатыр. Қыстың қамын жаз ойлап, картоп, сәбіз, пияз сияқты бақша дақылдарын молынан алудамыз. Әсіресе нарықтағы бағадан 15-20 пайыз төмен сатылуда, осының өзі халықтың қалтасына ауыр түспей, керісінше қыстық қамын молынан жасап алуына мүмкіндік болып тұр. Менде қажетті өнімдерді молынан сатып алдым. Бастысы кеше ғана базар бағасымен алып жүрген картоп, жуаның өзі арзан бағада сатылуда. Соны білген халық та риза болған күнде жәрмеңке алаңынан сауда жасауда, — дейді кент тұрғыны Ш.Мұхамеджан.

Расын айту керек, жәрмеңкеге келушілердің барлығы дерлік бағаның арзан екенін және ұсынылған өнімдердің сапасын атап өтеді. «Менің білуімше, аудан халқын ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған еңбеккерлер бүгін тағы да қалтаға қонымды бағада ұсынуда. Азық-түліктердің сапасы сын көтеретіні көрініп тұр. Бағасы да жаңа айтып өткенімдей халық үшін тиімді болып тұр. Әсіресе үйінде ақадал малы барларға жақсы болды. Қазір тапшы болып тұрған жем-шөп, жоңышқа деген секілді өнімдер де жәрмеңкеден табылуда. Байқағанымыздай, бұл өнімдерге сұраныс та жоғары болып тұр. Осы жәрмеңкені асыға күттік. Қыстық азығымызды қамдап алдық. Әрбір өнім түрін молынан алуға тырыстық. Өйткені мұндай бағада алу күнделікті мүмкін емес. Мен жалағаштық еңбеккерлерге толайым табыстарға жетуіне тілектеспін. Өніміміз молай берсін, елде тек тоқшылық болсын» деген кент тұрғыны А.Балғабайұлы бастысы халықтың риза екенін атап өтті. Өздеріңіз білетіндей, Жаңадария ауылының тұрғыны Ғалымжан Құрақбаев «Игенбай» үлескесіне 3 гектар жерге екен қарбыз өнімін бұған дейін де жәрмеңкеге алып келген болатын. Сол кезде ауданның тұс-тұсынан жаңадариялық өнімді іздеп келгендердің саны көп болғаны белгілі. енді кешегі жәрмеңкеде де жаңадариялық қауын-қарбыздың өтімі өте жоғары деңгейде болды. Демек, бұл таза өнімге халықтың сұранысы жоғары екенін білдіреді.

Айта кетейік, сенбі күні аудан орталығында ұйымдастырылған жәрмеңкеге 30 көлікпен барлығы 92,2 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері әкелінді. Баға тұрақтылығын сақтауда ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі алдағы уақытта да ұйымдастырылатын болады.

Нұр НАУАН



Бәрекелді!

Ел игілігіне жаңа базар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біздің өңірде, елімізде кәсіпкерлік саласының дамуына үлкен серпін беріп, мемлекеттік бағдарламалар арқылы, жеке кәсіпкерлер есебінен барлық қаржы арқасында жаңа жобалар іске асып, көптеген тұрғындар тұрақты жұмыспен қамтылуы керек» деген болатын. Сонымен қатар, сұранысқа ие тауарлардың бар-жоғын нақты есепке алып, жолға қоюды, қатаң бақылап, алыпсатарлыққа жол бермеу керектігін де атап көрсетті.

Осы тапсырмалардың орындалуы бағытында бүгінде көптеген іс-шаралар атқарылып, ауданымыз күннен-күнге көркейіп, Жалағаштың жаңа келбеті қалыптасып келеді. Сондай игі шаралардың айшықты айғағының бірі, аудан орталығынан бой көтерген жаңа «Далида» сауда үйі. Ол көше аудан халқына өсігін айқара ашып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Жалағаш жұртшылығына қызмет ететін нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Асқарбек Есжанов пен бірқатар ел ағалары қатысты.

Өңірде кәсіпкерлік саласының өркендеп келе жатқандығына тоқталған аудан басшысы Асқарбек Темірбекұлы



аудан бойынша тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің саны осы жылдың басымен салыстырғанда 218 бірлікке немесе 8 пайызға артып, аудан тұрғындарының кәсіпкерлікпен айналысу деңгейі жоғарылағанын жеткізді.

Жыл басынан бері аудан бойынша 2 млрд 202,4 млн теңгені құрайтын 97 жоба қаржыландырылып, 127 адам жұмыспен қамтылған. Жалпы, алаңы 360 шаршы метрді құрайтын «Далида» сауда орталығының иесі жеке кәсіпкер Бақыткүл Ахметова. Жоба құны 100 млн теңгені құрайды. Оның ішінде 57 млн теңге «Ұлттық жоба» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Банк Центр кредит» АҚ арқылы жеңілдетілген пайызбен қаржыландырылған.

Заманауи үлгіде салынған сауда үйі жылдың 4 мезгіліне де қолайлы. Мұнда халыққа қолжетімді бағада тауарларын ұсынатын 16 шағын дүкен бар. Жергілікті тұрғындар үшін киім-кешек пен басқа да тұрмысқа қажетті тауарлар сатылатын болады. Сен-салтанаты келіскен ғимараттың лентасын кескен аудан әкімі сауда орталығының ашылуына келген бір топ ел ағаларымен бірге ғимарат ішін аралап, кәсіпкерлерге толағай табыс тіледі.

Жеке кәсіпкерлердің жаңа бастамасына аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бата беріп,

берекелі болуын тіледі.

— Өңірімізде тындырымды тірлік көп. Күннен күнге жаңа нысандар ашылып, заманауи ғимараттар бой көтеруде. Мұның барлығы ел игілігі үшін жасалып жатқан жұмыстар деп білемін. Әрине, жалағаштықтардың жағдайы жақсарып, еңбек өтсе, біз аға буын қуанамыз. Шүкір, қазір Жалағашымыз көркейіп, абаттануда. Осы тірліктердің басы-қасында жүрген аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлына күш-қуат берсін. Міне, Оразбек ініміңіз тынбай еңбек өтеуінің арқасында кенттің қақ ортасынан жаңа базар ашынуа баршамыз кәуә болып отырмыз. Кәсіптеріңізге береке, бірлік тілеймін, — деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

Сауда нысаны алдағы уақытта аудан экономикасының әлеуетін арттырып, халыққа жоғары сапада қызмет көрсетіп, баға тұрақтылығын сақтауға септігін тигізетін аудандық ірі сауда нысандарының бірі болмақ.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Білім

260 түлек — мемлекеттік грант иегері

Өткен демалыс күндері «Пәленшенің баласы мемлекеттік грантты жеңіп, оқуға түсіпті» деген сөздерді жиі естіп, бірге қуанып жатырмыз. Иә, 4 тамызда Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық комиссия өз жұмысын аяқтап, мемлекеттік грант иегерлерінің тізімін жариялады. Грантқа үміткерлердің өтінімдерін комиссия мүшелері қараған. Оның құрамына министрліктің, мемлекеттік органдардың, білім саласы кәсіподақтарының, ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, бұқаралық ақпарат құралдары, Қазақстанның азаматтық альянсы және қоғамдық ұйым өкілдері кіреді. Талапкерлердің ҰБТ-да жинаған балдарына және бекітілген ережелерге сәйкес конкурстық негізде гранттар тағайындалған.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, ҰБТ басталғалы мектеп бітірушілердің 78 пайызы шекті балл жинап, орташа балл 69-ды құраған. ҰБТ кезінде ең жоғары балл 137 болған.

Биыл гранттарды тағайындау конкурсына қатысу үшін 94 мың талапкер құжат тапсырған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14 мыңға артық. Жалпы, 2023-2024 оқу жылына 88 мың білім беру гранты бөлінген. Оның ішінде бакалавриатта оқу үшін 73 мың, магистратураға 13 мың, докторантураға 1890 грант қарастырылған. Атап айтқанда, педагогикаға — 12 560, өнер және гуманитарлық ғылымдарға — 1615, әлеуметтік ғылымдарға — 960, бизнес, басқару және құқыққа — 1223, жаратылыстану ғылымдарына — 7388, АКТ — 10 103, инженерлік, өңдеу және

құрылыс саласына — 18 744, ауыл шаруашылық саласына — 2273, ветеринарияға — 975 мемлекеттік грант үлестірілген. Грантқа үміткерлер арасында ұпайлар теңдігі жағдайында басым құқыққа ие болатын 20 мыңға жуық талапкер, олардың ішінде «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар. Сондай-ақ гранттарды үйлестіру барысында әлеуметтік осал санаттағы балалардың квоталары ескерілген.

Тағы айта кететін жайт, бір гранттық орынға ең үлкен конкурс «Стоматология» мамандығы бойынша болған. Бұл мамандыққа 22 талапкер бір орынға таласқан. «Халықаралық қатынастар және дипломатия» мамандығы бойынша бір орынға 14 адам, «Құқық» 11 адам, «Музыка

мұғалімдерін даярлау», «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» және «Психология» мамандықтарына 10 адамнан бақталасқан.

Бір қуантарлығы, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, гранттың 60 пайызы инженерлік-техникалық мамандықтарды қамтыған. Сондай-ақ тығыз орналасқан жаңа құрылған және батыс аймақтарындағы жастар үшін де арнайы грант бөлінді. Биыл өңірлік ЖОО-ларға бөлінетін педагогикалық квота саны артып, 6280 грант бөлінгенін ерекше атап өтуге болады. Ал Серпін бағдарламасы бойынша 3653 грант бөлінген.

Биыл аудан бойынша жалпы білім беретін 20 мектептен 356 түлек бітіріп шықты. Олардың ҰБТ-ға 329-ы, яғни 92,4 пайыз қатысып,

мемлекеттік грант конкурсына 302-і өтініш білдірген. Нәтижесінде өтініш білдіргендердің 86,1 пайызы, яғни 260 түлек мемлекеттік грант иегері атанған. Нақтырақ тоқталсақ, оның ішінде педагогикалық мамандықтарға — 113, техникалық мамандықтарға — 56, медициналық мамандықтарға — 18, ауыл шаруашылығы мамандықтарына — 36, басқа да мамандықтарға — 37 бітіруші түлек тегін оқитын болады.

Бұл өңіріміз үшін үлкен жетістік. 11 жыл бойы білім нәріні сіңірген ұстаздарының еңбегін ақтаған өңір түлектері жалағаштықтарды бір қуантты. Иә, білім алу оңай дүние емес, қазақ «Білім инемен құдық қазғандай» деп бекер айтпаса керек, сондықтан жастарға білім алу жолында сәт-сапар тілейміз.

Жандос АРЫН

Ауыл тынысы

Аққұмда ауқымды істер жетерлік

АЛДАҒЫ ЕКІ-ҮШ ЖЫЛДА АУДАНҒА ҚАРАСТЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП, ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАСАЛМАҚ, ӘСІРЕСЕ ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛАТЫН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚУАНЫШЫНДА ШЕК ЖОҚ. ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ, МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІНЕ ҚАРАЙ БАРЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРДЕ КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛІП, ЖАРЫҚТАНДЫРУ, АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗЕҢ КЕЗЕҢІМЕН АТҚАРЫЛАДЫ. ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ЕҢСЕСІН ТІКТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАЙЫПТЫ БАСТАМАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП, ОЛАРДЫҢ БІРАЗЫ БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ҮЛГЕРДІ. АҚҚҰМ АУЫЛЫНДА ДА АЙТАРЛЫҚТАЙ АУҚЫМДЫ ІСТЕР БАР. КҮРЕ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДЫҢ ШАРУАСЫНА ШОЛУ ЖАСАП КӨРЕЙІК.

Қазірде Аққұм ауылы гүлденген, көркейген. Төрт жүзге жуық түтіні бар ауылда 3 ЖШС, 14 шаруа қожалығы бар. Ауыл халқының негізгі тіршілігі – ауыл шаруашылығы. Аудан әкімі бұған дейінгі жергілікті халықпен кездесуінде алдағы бірнеше жылда Аққұмдағы бірнеше көшенің сапасына мән берілетінін айтқан болатын. Тіпті ол ауданның даму жоспарында да қамтылған. Демек бұл мәселе шешімін тауып, халықтың талап-тілегі орындалатын

күннің де ауылы алыс емес секілді. Мәселен, бір ғана Аққұм ауылында тұрғындар тарапынан көтерілген барлық мәселенің шешімі әлгі жобада толық қамтылыпты. Жол жайына келер болсақ, аққұмдықтар үшін биыл Аққұм көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланса, Қ.Бекенов көшесіне жарық жүргізіледі. «Ауыл аманаты» жобасы шеңберінде де 10 жоба ұсынылса, оның 2-еуі өндірістік, қалған 8-і мал



шаруашылығына бағытталған. Ал аудан көлемінде ашылған 500 гектар жердің 15 гектарын аққұмдықтар өз үлестеріне алыпты. Қазіргі таңда бұл жерлерге 18 отбасы бақша өнімдерін егіп, күтімге алған. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі 3854 гектарды құрап отыр. Оның 2112 гектары күріш, 75 гектары мақсары, 745 гектары жаңа жоңышқа, 706 гектары ескі жоңышқа, 49 гектары картоп, 85 гектары көкөніс, 858 гектары бақша өнімдері.

Аққұм елді мекенінде жеке кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы шараларды жүзеге асыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, көліктік қолжетімділік аумағын кеңейту, мемлекеттік және коммерциялық қызмет көрсету орталықтарын құру және дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және халықты жұмыспен қамту сияқты түзілген бағдарламалар бар және олар өз кезеңімен жүзеге асуда. Кәсіппен айналысамын деген елді мекен тұрғындарына мемлекеттік қолдау тиісті орындардың өкілдері тарапынан толыққанды түсіндіріліп, қолдау шаралары да жүргізіліп келеді. Мәселен, былтырдың өзінде Аққұм ауылында мемлекеттік бағдарламалар арқылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 9 тұрғын мемлекеттік қайтарымсыз грант алса, 3 адам

жеңілдетілген несиеге қол жеткізген. Ал биыл жыл басынан 3 адам қайтарымсыз грантқа қол жеткізсе, 1 адам төмен пайызды несие алып, кәсібін деңгелетіп отырған жайы бар. Ауыл көлемінде 35 кәсіпкер жеке жұмысынан өз табысын еселеп отыр. Биылғы жылы да мемлекеттік қолдауға ие болуға ниетті 12 ауыл азаматы бар.

Осы тұста айта кетейік, ауылдағы «Бақдаулет» шаруа қожалығы еңбеккерлерінің атқарып жатқан жұмыстары, оның ішінде Сыр маржанын егіп орналастыруда, одан күзде молынан өнім жинауда табандылық танытып жүргені аққұмдық ағайынның шаруасы ширақ екенінің дәлелі. Шаруашылық қаншама ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. «Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, шаруашылық тіпті ауылды дамыту жолында да көптеген игі істердің бастамашысы болып келеді. Шаруашылық қолдау білдіріп, ауыл жастарына арналған күрес, ауыр атлетикадан жаттығуға арналған зал ашты. Барлық жабдықтармен қамтамасыз етті. Онымен қоса ауыл орталығынан халыққа қызмет көрсететін наубайхана, монша нысандары пайдалануға берілді. Ауылдағы ағайынды жұмыссыз қалдырмай, қолдан келгенше игі істің басы-қасында жүрген шаруашылық төрағасының жомарттығына аққұмдықтар да дән риза екенін байқадық.

Өйткені бірлікпен жасалған істің берекесі де болады, нәтижесі де оңалатыны даусыз. Біршама егіс алқабы бар «Бақдаулет – 57» шаруа қожалығы бұған дейін ауылдан жалпы құны 150 миллион теңгеден асатын үлкен спорт кешенін жекөменшік әріптестік арқылы салды. Бұл нысан да бүгінде салауатты өмір салтын ұстанған жергілікті халыққа қызмет көрсетіп тұр. Міне, мұны да ауылдан шыққан азаматтардың өз туған жерін түрлендіріп, түлетуге қосқан үлесі деуге болады.

Жалпы ауылда көркейту көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары да жыл сайын өз деңгейінде жүргізіліп келе жатқанын айтуға болады. Аққұмда атқарылып жатқан ауқымды істер көп-ақ. Біз бір ғана шаруашылықтың шаруасын тілге тиек еттік, ал ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлес қосып жүрген шаруашылықтар баршылық. Әсіресе ауылдың ажарының күннен күнге артып, әлеуметтің әлеуетінің жақсарып келе жатқаны көңіл қуантады. Енді аудан әкімінің бастамасымен қолға алынып жатқан жұмыстар кезең кезеңімен жүзеге асса, онда ауылдағы мәселелердің барлығы біртіндеп оң шешімін табады. Өзгелерге үлгі болатын Аққұм ауылының тұрғындары бүгінде өз ырысын еңбекпен тасытып отыр.

Нұр НАУАН



Атакәсіпті қолға алған

СОҢҒЫ КЕЗДЕРІ «АУЫЛДА ЖҰМЫС ЖОҚ» НЕМЕСЕ «АУЫЛ ТОЗЫП КЕТТІ, АУЫЛДА ЖАСТАР ҚАЛМАДЫ, БӘРІ ҚАЛАҒА ҚАРАЙ АҒЫЛАТЫН БОЛДЫ» ДЕГЕН АЛЫП-ҚАШПА ӘҢГІМЕ ЖИІ АЙТЫЛАТЫН БОЛДЫ. ДЕСЕ ДЕ БІЛЕ-БІЛГЕНГЕ НЕГІЗГІ КЕСІП АУЫЛДА ЕМЕС ПЕ? ІЗДЕНГЕНГЕ ЖҮЗ ТҮРЛІ ЖҰМЫС БАР. ҚОЛХОЗ, СОВХОЗ ТАРАҒАНЫМЕН МАЛ БАҒЫП, ЖЕР ИГЕРІП, МАЯ-МАЯ ШӨП ЖИНАП, ЕГІН ЕГІП, БАҚША САЛЫП, ТІРЛІК ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК МОЛ.

Иә, ауыл сіз бен біз ойламаған кереметтің отаны ғой. Әсіресе ауылда негізгі күнкөріс сол төрт түлікті бағудан басталады. Оған біз Аққұм ауылының тынысымен танысудағы сапарымызда толық көз жеткіздік. Елді мекендегі сапарымыз қызу тірліктің ортасында жүрген «Бағдаулет-57» шаруа қожалығынан басталды. Шаруа қожалық бүгінде мал шаруашылығы бағытында бірқатар ауқымды жобаны қолға алған, оның ішінде мал басын асылдандыруда бар.

Мұнда төрт-түліктің барлық түрі бар, ауладағы түйе мен жылқының, ірі қара мен уақ малдың қарасы қалың. Бізді шаруа қожалықтың жұмысымен таныстырған төраға Сламбек Ұзақұлы бүгінде фермада 500 жылқы, 100-ге жуық түйе, 400 ақбас сиыр, 1500 қой бар екенін тілге тиек етті.

– Көріп тұрғандарыңыздай, төрт-түліктің барлық түрін бағудамыз. Ірі қараны өт, сүт бағытында ұстаймыз, ал түйенің шұбатың, жылқының қымызын

облыс орталығына өткіземіз. Әрине, ауылды толық қамтамасыз етіп отырымыз. Шаруашылығымызда 100 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бордақылауға, сауынға жұмысшы керек қой. Арық-тұрағын бағуға да көп күш керек. Ветеринар дәрігер ұдайы қадағалап, тиісті еkle жұмыстарын уақытылы жүргізіп отырады. Мал азығы жоңышқасы бар, қосымша табиғи шөп пен жем де шаруашылықтың өзінен дайындалады. Жалпы мал шаруашылығы бағытында іске асыратын жоспарымыз көп, – дейді Сламбек Ұзақұлы.

Иә, ата кәсіпті табыс көзіне айналдырған шаруашылықтың жоспары ауқымды. Мәселен, жақын уақытта фермер қожалығы жалпы құны 530 млн теңгені құрайтын 100 бас ірі қараға арналған сүт фермасын іске қоспақ. Жоба іске қосылған уақытта тәулігіне 3000 литр сүтті өңдеп, өнім шығаратын болады. Ал асыл тұқымды сиырлар Чехия мемлекетінен әкелінеді. Қазіргі уақытта ферманың негізгі

ғимараттарының құрылысы аяқталған. Бұйырса, биыл желтоқсан айында толық іске қосылып, 10 жаңа жұмыс орны ашылу жоспарланған.

Сонымен қатар шаруа қожалық тұлпар баптап, бөйгеге қосуды да қолға алған. Атбегі Мұхаммеджан жарыстарда орын алып жүрген жүйрік жылқыларын көрсетіп, тұлпар баптаудағы жұмыстарымен таныстырды. Тұлпарларының алды 6 млн теңгеге бағаланатын асыл тұқымды жүйріктер екен.

Ерінбей еңбек еткеннің еңбегі есепке түседі. «Бағдаулеттіктер» еңбекқорлығының арқасында мал шаруашылығымен қоса, егін егуден де айналысады. Шаруашылық ұжымы биыл 1500 гектар алқапқа күріштің «Лидер» сұрпын сепкен. Себебі Сыр салысының бұл сұрпына нарықта сұраныс жоғары көрінеді. Ал мал азығы жоңышқа 300 гектар жерге егілген. Бір артықшылығы, шаруа қожалық Сыр салысын өздері ақтап, нарыққа дайын күйде шығарады. Өйткені мұнда

күріш ақтайтын алып цех жұмыс істейді. Төрағаның айтуынша, цехтың жұмысы күзде қызбақ. Цехта сағатына 3, тәулігіне 12-13 тонна күріш өңделіп, нарыққа дайын күйде шығарылады. Ақталған күрішке көбіне тапсырыс Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен түседі екен. Мұнан бөлек олар отандық өніммен еліміздің бірнеше аймағын да қамтамасыз етіп отыр. Тапсырыс көптеп түскен жағдайда кәсіпорын күніне 18-20 сағаттай күріш ақтайтын көрінеді.

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген халқымыздың даналық сөзі бар. Бүгінде «Бақдаулет-57» шаруа қожалығының демеушілігімен Аққұм абаттанып, ауылда игілікті істер атқарылуда. Бастысы, береке мен бірлік ұялаған ауылдың тірлігі де тындырымды. Шаруашылықтың қаржылай қолдауымен ауылда 40 орындық монша, үлкен сауда орталығы мен спорт кешені бой көтерген.

Иә, еңбек ету арқылы нан тауып, ата кәсіпті жалғастырған аққұмдықтар бүгінде кәсібінің нәсібін көріп отыр. Өйткені қанша ауыл тұрғыны екі қолға бір күрек тауып, нәпақасын осы жерден бұйыртуда. Әрине, «Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» демекші, еңбек етіп, мақсатқа жеткеннің шаруасы шалқып, несібісі артатыны айдан анық.

Жандос ЖАЗКЕН

Сақтансаң, сақтайды

Тілсіз жаудан абай болайық

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ БАҒЫТЫНДА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫН КЕҢІНЕН АТҚАРЫП КЕЛЕДІ. АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ҚАРАМАСТАН КӨБІНЕСЕ, АВТОКӨЛІК ИЕЛЕРІНІҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАМАЙ САЛҒЫРТТЫҚ ТАНЫТЫП, АРТЫ ҚАЙҒЫҒА ҰШЫРАТАТЫНЫ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ.



Өрттердің шығу себептеріне келетін болсақ, автокөлік иелерінің өз мүліктеріне неміқұрайлықпен қарап, қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан болып отыр.

Құрметті автокөлік жүргізушілері, сіздерге аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері автокөліктерде өрттің және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында төмендегі шараларды орындауды ұсынады:

- электр тоқ жүйелері және қондырғылар зауыттан шығарылған болуы тиіс;
- қозғалтқыш бөлігі жанармайдан таза болуын қадағалап, майдың тегілуіне жол бермеу керек;
- автокөліктердің қосалқы есіктері еркін ашылуы тиіс; Автокөліктерде мыналарға тыйым салынады:
- қозғалтқышты ашық отпен қыздыруға;
- қолдан жасалған электр қондырғыларын пайдалануға;
- жанармай құю станциясында жолаушыларды түсірмей жанармай құюға;
- автокөлік ішінде темекі шегуге;
- автокөлік ішінде жанармайдың бос ыдыстарын сақтауға немесе жинауға;
- аккумуляторды автокөлік ішінде зарядтауға;
- жанармай сақтау ыдысының аузын ашық қалдыруға;
- Қозғалтқышты бензин, дизель майымен жууға;
- Газ баллондарын тасымалдауға (арнайы автокөліктен басқа);
- ашық тұрған, оқшауланбаған электр сымдарын пайдалануға;
- автокөліктер міндетті түрде отбасқыштармен қамтамасыз етілуі тиіс;

Құрметті автокөлік жүргізушілері адам өміріне қауіп төндірмеу үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтайық. Өрт тілсіз жау екенін ұмытпаңыз. Өрт болған жағдайда 101, 112 телефон нөмірлеріне хабарлаңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

2023 жылғы III тоқсанда Жалағаш аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Қалыбаев Шарабан Максұтұлы	«Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басымы	Сәрсенбі күні Сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін	Апта сайын

Еңбек Ері туралы толғам

ЕКІ ҒАСЫРДЫҢ КУӘГЕРІ, СЫР БОЙЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ, ЕҢБЕК ЕРІ ҰЗАҚ ЕСПАНОВ АЛЛА ТАҒАЛАДАН ДАРЫН ДАРЫҒАН АЙТУЛЫ ТҮЛҒА БОЛАТЫН. АҒАМЫЗ ЖАЙЛЫ КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ САТИРА ЖАНРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ, АҚЫН АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ, ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ, БЕЛГІЛІ АҚЫНДАР ҚОМШАБАЙ СҮЙЕНІШОВ, РЫСТЫ БЕКБЕРГЕНОВА, ФАЙЗУЛЛА ОМАРОВ, БЕКСЕЙІТ ШАЙЛАНОВ, МЫРЗАМҰРАТ ІЛИЯСОВ, ЖАЗУШЫЛАР НӘСІРАДИН СЕРӘЛИЕВ, АЙЖАРЫҚ СӘДІБЕКОВ, ЖУРНАЛИСТЕР БАЙЖІГІТ ӘБДІРАЗАҚОВ, ҚҰТТЫБАЙ СЫДЫҚОВ, ҚАЗИ ДАНАБАЕВ, ТҰРСЫНБАЙ ТӘШЕНОВ ҮЛКЕНДІ-КІШІЛІ ШЫҒАРМАЛАР ЖАЗҒАН ЕДІ.

Ақын Асқар Тоқмағамбетов: «Жыл өтіп жатты, Қазақстан күн санап өсіп жатты. Қазақстанның сол шарықтауын көріп ақын шабыты қайта көтерілді.

— Сүйем сені, құшағыңда өсемін, Гүлдене тус, шалқып Қазақстаным. Сөні жырлап, сені ән қылып өтемін. Өзің берген әр қаламды ұстадым.

Осы шумақты жаза отырып, Ұзақ көп ойланды. Бұл өлеңім мүмкін газетке де шығар. Сонда оқып көргендер «Өзің қосқан үлесің қанша? Басқаның табысына мақтанғанша, өз колхозыңды дұрыста» десе, не демекпін?! Онысз да әр жиналыс сайын «ұялған өлімнен бетер» деп ылғи бұғумен, басымды малакайға тығумен қайтамын. Кейбір күндер өтініш беріп шықсам қайтсін деген ойға да келем. Бірақ коммунист, аудандық партия комитетінің бірінші секретары өзі шақырып алып сөйлеспеді ме? Онда «мына Қазақстанның 20 жылдығы атыңдағы колхоз артта қалды. Осыны көтеріп алға шығаруға жараса, сен жарар деп саған тоқтадық» дегенде, «Партия маған сенсе, мен сенімді ақтармын» дегенім қайда? «Мен басқара алмадым, басқа адам жібер» деп айтуға қалай ожданым шыдайды деп қалып қойған. Біреуден озып, біреуден қалып жүргенде 1969 жылы екі колхоз бірігіп «Мәдениет» совхозы болды. Ұзақ соған директор болып қалып қойды. Ол өзінен-өзі: «Жігіт, енді ойлан» деді. «Бұрын майдасынып жүр едің, енді ірілеңіп кетті. Іріге ірі турау керек болар».

— Болғанмен қанша қызық бала күні, Жыртығы жөнделмеп ед балағыңның. Енді сен ауыр жүкті көтерсін деп, Үстіңе артты жүгің жаңа күнінің... Бұл шумақты жазғанда ойланп, толғанып жазды. Өйткені, совхозда 700 жұмысшы, 500-ден аса шаңырақ бар.

Ұзақ соған сеніп отыр. Сонымен қатар клуб та, сегізжылдық мектеп те, кең отырып кеңес өткізетін кеңсе де болып қалды. Өмірі көрмеген машиналардың да басы көріне бастады. Тұрлы басатын жүріп басатын қомбайң, жалпағынан түсіретін жатқа дейсіз бе? Желдеткіш, суырыш, дән тасығыш, өйтеуір әр саланың механизмінің бәрі дайын. Осының арқасында совхоз 1969 жылы 2300 гектардан 42 центнерден күріш алды» деп жазыпты.

Журналист Құттыбай Сыдықтың мақаласында Ұзекеннің еңбекшілігі мен қоғамшыл қасиеттері суреттелген.

«Әрине, Ұзекеннің ауыл шаруашылығына судай сіңіп, тастай батып кеткенін жақсы білеміз. Тастай батып, судай сіңбесе, оған Еңбек Ері атағын берер ме еді? Қызылорда облысында әрқайсысы 3,5-4 мың гектардан күріш егіп, гектарына 50-55 центнерден өнім жинаған және мемлекетке жылма-жыл 160-200 мың центнер күріш тапсыратын үш-ақ шаруашылық болды. Оның бірі — «Тереңөзек» күріш совхозы, екінші — Н.Ильясов атындағы шаруашылық, үшіншісі — «Мәдениет» совхозын осы Ұзекен басқарып еді, тым ірі еді.

«Ой-бой-ау, Исеке-ау, (сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімовті айтқанды) осы біздің де райисполкомға председатель болатын кезіміз болған жоқ па» депті деген қанатты сөз ел аралағаны қашан.

Күннің күнге, түнім түнге алмасып, Тірілік-ғұмыр бара жатыр жалғасып. Бірде асығыс, бірде тыныш күй кешем, Өмір-теңіз толқынына жармасып, — депті бір өлеңінде Ұзақ аға. Рас қой. Адам бойындағы еңбекшілдік пен қоғамшылдықты ұнатытын ақын жүректі Ұзекен жалғасып жатқан тірілік жұмырында жалпына жармасқан өмір-теңіз толқынында тапқаны да, қолына ұстағаны да көп азамат» делінген онда.

Ақын Тұманбай Молдағалиев Ұзекен мен сапарлас болғаны туралы сыр шертіп, өлеңдеріне баға беріпті.

Ақынның «1961 жылы шілде айында тұңғыш рет Мәскеуге қол тарттым. Кезекті демалысымды Мәскеуді, Ленинградты көруге арнадым. Қызылордадан өткенде бір станциядан орта бойлы дембелше, қызыл жүзді жігіт ағасы біздің вагонға, купеге көп кірді. Біз екеу-ақ едік. Ерлі-байлы кісі оңаша болғанды қалайтыны белгілі. Емін-еркін бір купенің иесі болып келе жатқан біз купе есігінен еркіндеп кірген қазаққа құшағымызды жая қоймағанымыз өзінен-өзі түсінікті, әрине.

Дегенмен келген адам өзі мені сөзге тартты. Шүйіршелесіп сөйлесіп кеттік. Әңгіме не жұмыс істейсіннен басталды.

— Өлең жазамын, — дедім мен.

— Фамилияңыз??, — деді көршім. Мен фамилиямды айттым.

— Үш Молдағалиевтің қайсысысың? — деді көршім жымиып.

Тұманбай боламын, — дедім мен.

Менің көршім әдебиетті біраз оқып жүретін кісі болып шықты. Қызылорда облысы Жалағаш ауданының оқу ісін басқарады екен. Мәскеуге бір айға білімні жетілдіруге бара жатыр. Екі тәуліктен артық бірге болдық. Ішімдіктің де әртүрін татып көрдім. Мен сол жолы осы Ұзақ Еспа-новқа іні бол, ол маған аға бол, Қазан вокзалында қоштастық. Менің көп жылдар бойы Қызылордаға жолым түспеді.

Жылдар өз дегенін істеді. Ұзақ аға осыдан екі жыл бұрын еңбек демалысына

шығыпты. Жақында бір келгенде қымсына тұрып маған бір топ өлеңін ұсынды. «Бастап, тастап кеткен дүние еді. Көрші, — деді, — Сен ұнатсаң, әрі қарай ізденемін. Саған ұнамаса, қоя салайын», — деді Ұзақ.

Мен Ұзақ аға жазған өлеңдерді біртүрлі сенімсіздеу көңілмен жүрексініп оқыдым. Оқи келе Ұзақ ағаның ақындығына ден қойдым. Өлеңге таласы бар, өлеңнен аласы бар азаматқа: Өлең жазбаңыз, — деуге еш хақым жоқ менің.

Жыр дәуірінің де сізді ұзағынан сүйіндірсін. Тәуекел, жыр тұлпарына ер салған екенсің, ертеңге қарай ұмтылып көріңіз. Мен сіздің көшіңіздің көлікті, өміріңіздің әрдайым көрікті болуына тілек-тесіңіз, Ұзеке» деген естелігі ерекше әсерлі. Журналист Тұрсынбай Тәшенов оқығаны да көп, өмірден тоқығаны да көп ағаның әңгімесі Сыр бойының соңғы жетпіс жылдық тарихы екенін айтады.

«Асылы, Ұзекен — бала мінезді, аң-қылдаған ақ көңіл адам. «Батыр аңқау болады» деген аталы сөз осы Ұзекенге бағыштап айтылғандай.

Тумасында ұстаз болып жаратылған жан. Үлкені де, кішісі де әлдебір шаруаның ретінде ақыл сұрап алдын босатпайтын. Жалағаш төңірегінде екінші бірі Ұзекенді ұстазым деп құрмет тұтады.

Талай екпінді бесжылдықтар белесінде бөйгеге қосылған, одан оза шауып жүлде алған сәттер ұмытылар ма?! Қалай десек те, уақыт талабы туғызған ағымға ерудің өзі, оның бастаушысы, басқарушысы бо-лудың өзі ерлікке есептелетін сол бір аламан бөйгеде жарыстың алдын бермей алға ұмтылған ағаның қазіргі егемен елдің ұл-қызына айтары да мол. Оларын күн сайын айтып та жүр. Өзінің жолын қуып ауыл шаруашылығымен біте қайнасуға бет бұрған ұлдарына үйретері де мол екенін күн сайын дәлелдеп те, көптің кезін жеткізіп те жүр» деп жазады журналист.

Біздің қазақтың даналары тірлігінде не айтпаған дейсіз. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қыр аспайды» деген екен. Осы даналыққа жүгінер болсақ, Ұзекенді отызында орда бұзып, қырқында қамал алғандардың санатынан деуге болады. Ол 1973 жылы Еңбек Ері атанғанда 45 жаста екен. Қашан еңбек демалысына кеткенше өзі басқарған шаруашылықтарының тай-қазаны ортаймады. Артынан алпайқашты ыңғайсыз сөз де ерген жоқ. Дүйім Сыр бойы жұртының білетіні, «Ұзекен айтыпты» деген кісіні күлкіге қарқ қылатын ауызекі әңгімелері ғана. Асылы, біз білетін Ұзекен бала мінезді, аңқылдаған ақкөңіл адам.

Біз білерде ел басқарған санаткерлердің құрметті еңбек демалысына жамияттан абыр ой аркалап кеткендері тым сирек. Ұзекен еңбек жолын аяқтап, аудан орталығына көшкенде кейбіреулердей дүние-жиһаз аркалап кеткен жоқ, абыр-атаққа көнеліп кетті. Елден ерекшеліп үй де салдырмаған. Біле-білгенге оның мұнысы да — үлгі! Оның жиған қазынасы — атқорып кітаптар. Қазақ тілінде шыққан жанына жақын газет тіпінділері» деп толғаныпты жазушы Айжарық Сәдібеков.

Қази Данабаевтың мақаласында: «Іае, өмірден өткен ұлағатты ұстаз қайда бар десеніңізші?! Уақытты ілгері жылжытқан қызулы тіршіліктің қалың ортасында жүріп Ұзекеннің де іс тәжірибесі толыса бастады. Көңілге түйген көп ойлары жылдар өткен сайын жүзеге асуға бет бұрған еді. Өнім молшылығын жасаудың басты көздерін күріштік жерлерді инженерлік жүйеден өткізу, ауыспалы танаптарын тиімді пайдалану мен су көздерін ашуда деп білген басшы осы бағыттағы нақты шараларын іс жүзінде асыра бастады. Соның нәтижесінде қос колхоздың негізінде құрылған «Мәдениет» совхозы аудан көлемінде ілгерілеп, озат шаруашылықтардың біріне айналды» деген жолдар бар.

Ал ақын Қомшабай Сүйенішов Ұзекеннің ақындығы туралы сыр шертеді.

«Өлеңді қоймаңыз. Анда-санда болса да, қолыңыз қалт өткенде тиіп-қашып ойға келген айшықты жолдар мен шумақтарды қойын дәптеріңізге түртіп жүріңіз, — деймін мен ақын ағам.

— Жұмыс бастан асады. Уақыты құрғыр жетісе бермейді, — дейді әкім ағам күмілжіңкіреп. — Күні-түні гүлдеп жататын қонақ-қолсы тағы бар. Шетінен дәу, шетінен дәкей... Құда-жекжатындай қол жусырып, құрақ ұшпасақ болмайды...

— Ертең өкінітін боласыз. Зейнетке шыққанда қолыңызға қалам ұстасамсыз маған келіңіз. Құдай о баста ақын ғып жаратқан адам қарап отыра алмайды, — деп мен де тақымдап қоймаймын. Ұзекен үндемейді. А-а деп желкесін қасиды, әрі-сәрілеу беймәлім жымиған болады.

Әйтеуір, менің айтуымда кемдік болған жоқ. Кездескен сайын қайта-қайта қадап есіне саламын «Кешігесіз, өкінесіз» деймін шабытын жанымын келіп. Ара-арасында: «Отағасыңызға жағдай туғызып, өлең жаздыртыңыз» деп үнемі сыйайы жымиып тұратын сабырлы Дәмеш жөңгеме де басына айтм.

Қойшы, сонымен енді болмағанда поэзиядан алаңсыз қара үзуге қарыс-сүйем қалған Ұзекен зейнеткерлікке шыққаннан кейін қасиетті өлеңмен қайта ауырып, қайта табысты. Денсаулығының шептігіне



қарамастан, таңды-таңға ұрып бұрқыратып жазып жатты. Зәуқайым үйіне соға қалсаң, қысқа амандық-саулықтан соң бұдыраған қолжазбаларын алдына жайып қойып, өлең оқиды. Қоянсүйек, қағылез де аңқылдақ ағамның баяғыларын несіне бетіне салық қылып жатайың, үнсіз құлағымды түремін.

Ал Ұзақ Еспанов — ақын. Үйреншікті машық емес, атаның қаны, ананың сүтімен келген сүйекке сіңісті, туа бітті қасиет. Өлеңіндегі азын-аулақ кедір-бұдыр мен техникалық селкеуліктерді жиырма бес-отыз жылға созылған үзілістен деп білу керек.

Өнерде жас, жасамсыз деген ұғым жоқ. Бәрі де адам бойындағы құдай берген қабілетке, талантқа байланысты. Бір басына жетерлік қабілет-қарымы бар. Ұзе-кеннің тағлампаз оқырмандардың көңілінен шығатын талай жыр жинақтарын беретіні мен сенемін депті ақын өз жазбасында.

Бүгінгі жас ұрпақ Ұзекен, Ұзақ Еспанов жайлы тереңірек білуі үшін өз қолымен жазылған өмірбаянын жариялаудың артықшылығы болға қоймас.

«Мен Ұзақ Еспанов 1928 жылы қазіргі «Мақпалкөл» ауылында тудым. 1944 жылы осы шаруашылықта колхозшы болып жұмыс атқардым. 1947 жылы 10 класты бітіріп, Қызылорда пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, оны 1951 жылы, Қазалы ауылшаруашылық техникумын 1963 жылы сырттай оқып бітірдім.

1951-1953 жылдар арасында «Қызыл Октябрь», «Бірінші Май» мектептерінде мұғалім, директор болып қызмет атқардым. 1953 жылдың наурызынан 1963 жылға дейін Жалағаш аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 4-5 ай райкомда бөлім меңгерушісі, 1963 жылдың наурызынан «Қазақстанның XX жылдығы», Жамбыл атындағы колхоздың басқарма төрағасы, 1969-1991 жылдар аралығында «Мәдениет», «Қазақстанның Ленин комсомолы» атындағы совхоздардың директоры болып қызмет атқардым.

1991 жылы дербес зейнеткерлікке шығып, 1992 жылдан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасымын. 1953 жылдан күні бүгінге дейін аудандық кеңестің, қазіргі мәслихаттың, 1971-1979 жылдары арасында облыстық кеңестің, 1985-1990 жылдары XI сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің №222 сайлау округінен депутат болып сайландым, бірнеше жыл райком, обком мүшесі болдым. 1973 жыл Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. «Ленин», «Октябрь революциясы», 2 «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 60 әртүрлі Үкімет медалімен наград-талдым.

1953-1960-1978 жылдары өткен респу-блика мұғалімдерінің, 1976 жылғы Қазақстан Компартиясының XIV съезіне делегат болып қатыстым. 1953 жылдан аудандық, облыстық партия комитеттеріне мүше болып сайландым. Конференцияларға делегат болып 1992 жылға дейін сайланып келдім. КСРО, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес-терінің құрмет грамотасымен наград-талғаным.

1974 жылдан Жалағаш поселкесінің, 1998 жылдан Жалағаш ауданының Құр-метті азаматымын. «Астана», «ҚР Кон-ституциясына 10 жыл», «Тәуелсіздіктің 10 жылдығы», еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «Тыңға 50 жыл», «Жеңістің 60 жылдығы» медальдарымен наградталдым. «Сыр күріші — ел ырысы», «Өрелі өзге-рістер», «Көңілім көктем» атты кітаптардың авторымын. Облыстық «Боздақтар» кіта-бының алқа мүшесімін. Жалағаш ауданы бойынша бөлімінің авторымын. Журна-листер одағының мүшесімін» деп жазыпты.

Өмірде небір ғажап адамдар болады. Олардың жүріс-тұрысы, адамдармен қарым-қатынасы, сөйлеген сөзі есінде ұзақ уақыт сақталып қалатыны даусыз. Мен білетін сондай азаматтың бірі Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов ағамыз еді. Көп жыл бір ауданда еңбек еткен соң ағамызбен ағалы-інідей болып кеткен едік.

Ол жылдар бойы «Мәдениет» және «Қазақстанның Ленин комсомолы» атын-дағы совхоздарға басшылық жасады. Облыста бірінші болып мемлекетке 100 мың центнер күріш тапсырудың бастау-шысы болды, күріштен тау тұрғызды. Аты ауылдан асып ауданға, одан облысқа, одан республикаға дейін жетті. Мемлекетке күріш тапсырудағы тамаша табысы үшін 1973 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Халық оны батыр Ұзекен, ақын Ұзекен дейтін.

Замандастары: — Совхозыңыз бай, өзіңіз де байсыз ғой, — дегенде.

— Менің байлығым жан-жарым Дәмеш екеуіміздің өмірге әкелген сегіз баламыз ғой, — деген екен.

Сол айтқан балалары — егемен еліміздің сан салалы шаруашылықтарында еңбек етіп жүрген салықалы азаматтар.

Ол кімге болса да шауғын түсіріп, жақсылық жасағысы келіп тұратын. Әң-гіме арасында «Алла берген абыройын қайтып алмасын» деген сөзді үнемі айтып отыратын.

Ұзекен зейнеткерлікке шыққаннан кейін 17 жыл бойы аудандық ардагерлер кеңесі-нің төрағасы болып қоғамдық жұмысқа белсене араласты. Осы кезең ішінде ол «Көңілім көктем», «Шауқты күндер» атты өлеңдер жинағын өмірге келтіріп, өзін халқына ақындық қырынан көрсетті.

Жылыу бар сөздің адамды бірден өзіне тартып алатын құдіреті бар емес пе?!

«Шауқты күндер» атты кітаптың бірінші бетінен:

— Оқушым ездеріңнен өтінерім, Тап-таза сендер үшін көкірегім. Елге еткен еңбегімің арқасында, Сүрінбей талай сынан өтіп едім.

Еңбегім саған достар ұсынамын, Болғанмен көзге қораш іші қалың, Дөп түсің қадірменді оқырмандар, Өзіме қықымдай ұшығаның, — деген өлең жолдары қандай тамаша айтылған десеңізші!

Ағамыз өзін қайраткер ретінде елге танытқан, абыройын асқақтатқан, кеу-десіне «Алтын Жұлдыз» таққан Сыр күрішін өмір бойы ерекше бағалап, құрмет тұтты. Бұл айтқандарымызды «Ақсу диқан-дарына», «Осы биыл диқандардан үмітті ел», «Аянбаңдар жігіттер» және басқа өлеңдерінен аңғаруға болады.

Ауылын, туған жерін, табиғатын жырла-маған ақын кемде-кем. Бұл жағынан алып қарағанда да ағамыздың оқырманды сөлт еткізер жыр шумақтары баршылық. Мәселен мына өлең жолдарын оқып көріңізші:

— Ауылға сағынышпен ансап келем, Ойымда болмай бетем мансап деген. Азайып аға-жеңге аймалайтын. Қалыпты-ау санарлықтай саусақпен. Бір сөзбен айтқанда, оның өлеңдері сулулық пен сыршылдықтан, өршілдік пен тапқырлықтан, парасат пен мәнділіктен кенде емес. Оның өлеңдері көшегіні, бүгінгіні, ертеңгіні сөз етеді. Бізге керегінің өзі де осы емес пе?!

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Әділ сот — ел кемелдігінің көрінісі

Биыл Қызылорда облыстық сотының құрылғанына – 85 жыл толды. Тарихқа көз жүгіртсек, Қызылорда дербес облыс ретінде 1938 жылы құрылған. 1938 жылға дейін он жыл бойы облыс көлемінде ҚазАКСР Халықтық Әділет комиссариатына бағынысты округтік сот жұмыс істеген. Округтік сот Заңмен белгіленген істерді жүргізу жөніндегі бірінші сатыдағы, ал бағынысындағы халық соттары ісі жөніндегі екінші сатыдағы сот болып бөлек есептелді. Аталмыш соттың құзырына Қызылорда, Қазалы, Арал қалалық және 140 елді мекендерді қамтыған Қызылорда, Шиелі, Қараөзек, Қазалы, Кармақшы, Қарсақпай, Аламесек аудандарының соттары қарады.

Жалпы кеңестік жүйедегі округтік сот ісін жүргізу бірден қалыпты жағдайда дамуына мүмкіндіктері болмаған. Округтік соттың штаты мейлінше аз болған. Қызылорда округтік сотында қылмыстық және азаматтық бөлімдерді бірге есептегенде небәрі 12 адам ғана қызмет атқарды. Төрағалардың, жетекші мамандардың жиі ауысуы жұмыстың жүйелі жүріне кедергі келтіріп отырған. 1930 жылдың желтоқсан айында Қызылорда округтік халық соты Сыр өңіріндегі әкімшілік-аумақтық бөлініске байланысты таратылып, 1931 жылдан бастап аймақтағы сот істерін Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының көшпелі сессиясы атқара бастады.

Облыстық соттың жаңа тарихи кезеңі жоғарыда аталғандай 1938 жылдың 15 қаңтарында Қызыл-орданың облыс ретінде құрылуымен байланысты. Сол 1938 жылдың 4 наурызында облыстық соты құрылды. Осы кезеңнен бері Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі уақытта отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Егемендік алғаннан кейін Қызылорда облыстық сотының жұмысы бірден жақсарып кетті деуіміз жалған болар, себебі кіршіксіз ешнәрседе болмайды. Сот жүйесін жақсартуда ғимараттар, жаңа үлгімен жабдықталған сот залдары, компьютерлер, білімді кадрлердің жетіспеушілігі байқалды.Барлық аудан-дарда дерлік партия, кеңес органдарынан босаған көрнекті ғимараттар соттарға беріле бастады. Қаланың өзі көрікті жері қала алаңында орналасқан әсем ғимарат соттарға берілді. Бұл ғимаратта Қызылорда облыстық, қалалық, мамандандырылған ауданаралық экономикалық, әкімшілік соттары, әділет басқармасы мекемелері орналастырылды.

Өткен тарихты бағалай отыра облыстық сотта әр кезеңде қызмет атқарған аға буынға құрметіміз шексіз. Осынау ғасырға жуық өз тарихындаоблыс соттары еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып, қоғам және мемлекет өмірінде туындайтын жан-жалдар мен даулардыөділ шешу бағытында небір күрделі, тағдырлы істерге төрелік етті. Бүгінде об-лыстық соттың судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

Еліміз өз Тәуелсіздігін жариялаған жылы «Қа-зақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, елде мемлекеттік билікті заңнамалық деңгейде: заң шы-ғарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаттары енгізілді. Содан бері сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған маңызды заңдарды қабылдау, шығару жұмыстары кеңінен жүргізілді.Сот жүйесінің тәуелсіздігі қағидаттарының негізгі келіпідіктері Конституцияда қаланды. Осының негізінде Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – соттың іргетасы қаланды.

Сол уақыттан басталған реформа кезең-кезеңімен заң-ережелер, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талпынуымен жетілдіріліп келеді. Қызылорда облыстық соты да Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді, экономикалық, әкім-шілік, көмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қыл-мыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін бастады.

Тәуелсіздік алған жылдардағы реформалар за-ман ағымына сай кезең-кезеңімен үздіксіз жетілді-ріліп отырды. Соның жалғасы ретінде 2000 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судья-ларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң-ның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Заңда республикадағы сот құрылымының принципті жаңа нормалары, соттардың қызметін ұйымдастыру тәр-тілері белгіленді.Арада екі жыл өткен соң мемлекеттік құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Бұл тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судья-лардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот

Тарих

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен...

2020 ЖЫЛДЫҢ 5 ТАМЫЗЫНДА ҮКІМЕТ ҚАУЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ 10 ТАМЫЗ «АБАЙ КҮНІ» ДЕП АТАЛАТЫН МЕРЕКЕЛІК КҮН БОЛЫП БЕКІТІЛГЕН БОЛАТЫН. ҰЛЫ АБАЙДЫ ТЕК ОСЫ БІР КҮНДЕ ҒАНА ЕСКЕ АЛМАЙ, ОНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚҚА, ГУМАНИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕТІН ШЫҒАРМАЛАРЫН ӨМІРЛІК РУХАНИ АЗЫҒЫМЫЗҒА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ. СОНЫМЕН ӘНГІМЕНІҢ ӘЛҚИССАСЫНА ҚАРАЙ ОЙЫССАҚ...



2012 жылдың тамылжыған тамызы айының 2-сі күні Өзбекстан республикасы, Науай облысы, Нұрата ауданындағы кезінде ата қонысымыз болған, бүгінде жат жердің топырағында мәңгілік тыныс тапқан қазақтың үш арысының бірі Әйтеке би бабамыздың жаңадан бой көтерген кесенесіне барудың сәті түскен еді. Ол туралы кезінде БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары) да тісінше толыққанды ақпарат берілген болатын. Бүгінгі негізгі тоқталатын тақырыбымыз сол Нұрата ауданындағы басқа да тарихи киелі орындар туралы болмақ.

«Сейіткүл әуліе» қорымындағы Әйтеке бидің жаңадан ашылған кешенінде болып, зиярат етіп, тиісті жөн-жораларымызды өтеген соң Нұрата тауындағы аңызға айналған әйгілі Ескендір Зұлқарнайынды табан тіреген, бірнеше күн бойы қақпаны бұзып аша алмай кері қайтқан қамалға барып тамашаладық. Туризмді ерекше дамытып, қолға алған өзбек көркемі нәрселердің барлығы да бар екен. Біз барған күні де бір топ Германиядан келген сахатшылар жүр екен.

Иә, әлемде қаншама құпия сырлары ашылмаған тарихи орындар бар. Солардың бірі осы ғасырлар бойы ауыздан ауызға тарап келе жатқан Нұрата тауындағы тас қорған туралы деректер өте сирек. Жергілікті халық оны сан саққа жүгіртіп, әркім өзіне жорамалдайды. Дегенмен көпшілігінің пікірі әлгі тақырыбымызда көрсетілгендей «Ес-

кендірдің шабуыл жасап, ала алмай кері қайтқан соңғы қала осы екен» деген әңгімеге кеп тіреледі. Таудың етегінен сылдырай аққан қасиетті мөлдір бұлақтың суынан ішіп шөлімізді бастық. Жергілікті халық бұл бұлақты «чашма» деп атап кеткен. Көпшілік бұл судың емдік қасиеті бар деп арнайы ыдыстарға да құйып алып жатыр. Арнайы зертханадан тексергенде де бұл бұлақтың суы өзіміздегі Сарағаштың суы секілді емдік қасиеті бар, түрлі минералдарға бай су екені дәлелденген дейді. Осы тұста тағы бір ерекше бір назар аударатын жайт, бұлақта қара балықтар емін-еркін жүзіп, өріп жүр екен. Жолсерігіміз Жаңабергенұлы Нұрлан ағамыздың айтуынша бұл әлемде басқа еш жерде кездеспейтін балықтың түрі екен. Оны жеуге болмайды дейді. Бұған сәл кейінірек арнайы тоқталамыз.

Бұл аңызды қазақтың ұлы Абайынан артық суреттеген ешкім жоқ шығар. «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен? Македония шаһары оған мекен. Филипп патша баласы ер көңілді. Мақтансүйіш қызғанақ адам екен» деп басталатын «Ескендір» поэмасындағы оқиғалар көз алдыңнан тізбектей өтіп, бейне бір сол әлемнің ортасына кіріп кеткендей күй кешесін.

Бұл дастанды жазғанда Абайдың көрсеткісі келген негізгі идеясы — ізгілік пен бейбітшілікті, ғылым мен білімді, яғни гуманизмді дәріптеу. Зұлымдық пен қатігездікті әшкереу.

Оқиғаның ұзын ырғасына келсек, Македонияның ұлы өміршісі атанған Филипп патша қайтыс болған соң Ескендірдің таққа отыруы, әскер

жинап көрші елдерді жаулап алуы туралы баяндалады. Одан әрі Ескендірдің қалың қолмен келе жатып елсіз шөл далаға тап болуы осы күнгі Тұран ойпатына жататын Жаңадария өзені мен Нұрата тауының арасындағы ұшы қиыры жоқ, ұшқан құстың қанаты күйетін қу мекен, қу дала Қызылқұмды елестетеді. Ескендір патша жорықта келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Осы жерден үзіліс жасап дастанға кезек берсек:

...Жүре жүре бір елсіз шөлге түсті, Алып жүрген суының бәрін ішті. Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,

Басына Құдай салды қиын істі. Бұдан кейін арып ашып, шаршап шалдығып әрең дегенде бір ерекше бұлаққа кездеседі. Бұлақты бойлай жүріп, ол үлкен қорғанды ғажайып қалаға тап болады.

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді, Судың басы бір құзар шатқа кірді. Шаттың аузын бекіткен алтын қорған.

Қақпасы бекітулі көзі көрді. Патша қақпаны аш деп бұйырады. Бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның арғы жағынан орамалға түйілген адамның бас сүйегін тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір қатты ашуға бұлығады. Сол кезде өміршінің қасындағы Қызыр (Бұл жерде Абай данышпан қарттың орнына Аристотельді қояды) бас сүйекті таразыға салдырып өлшетеді. Ол сүйекті ешнәрсе баса алмайды. Сол уақытта «мұның сыры неде?» деп таңқалған патшаға данышпан қарт:

— Адамның көзі дүниеге ешқашан тоймайды. Тек өлген соң ғана көзі бір уыс топыраққа толады! — деп, бір уыс топырақты сүйектің көзіне салады.

Бұл — адам көз сүйегі деді ханға, Тоя ма адам көзі мың мен санға? Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда. Сол сәтте таразының бас сүйек тұрған жағы көтеріледі де, бұл мысалдан ғибрат алған Ескендір патша тәубесіне келіп, райынан қайтып, сол сәттен бастап жаһангерлік жорықтарын тоқтатып кері қайтқан екен дейді.

Жалпы «Ескендір деген кім?» деген сұраққа келетін болсақ, бұл адамның тарихта болғандығы ақиқат. Тіпті оның есімі қасиетті құран көрімде Каһф сүресінің 94-98 аяттарында баяндалады. Иә, аят мағынасы бойынша пайымдасақ, Зұлқарнайын Аллаһтың өмірімен Яхжү-Мәжүж деген қауымды бір жерге (Таудың астына) қамаған. Ақыраман таяғанда Яхжү-Мәжүж сол қорғанды тесіп шығып, жер бетін жайлап, ел арасында бүлік шығармақ.

Енді осы тақырыптағы хадистерге орын берейік. Әбу Хурайрадан жеткен риуаят бойынша: «Яхжү-Мәжүж Зұлқарнайын қамап кеткен қорғаннан шығу үшін күнде қабырғаларды ояды. Төсуге сал қалғанда күннің сәулесін көріп басышылары: «Тоқтандар! қалғанын өртең жалғастырасындар», дейді. Олар қазба жұмысын тоқтатқан кезде Алла қазылған жерді әдепкі қалпына қайта келтіреді. Осылайша күнде қорғанның қабырғаларын төсуге тырысады.

Күндер осылай өте береді де, олардың жер бетіне шығатын уақыты таянғанда басышылары: «Қане, қайтайық, Иншалла (Алла қаласа) ертең қалғанын ойып бітіреміз», деп иншаллаһ (Алла қаласа) сөзін алғаш рет қолданады. Сөйтіп, ертесіне әлгі жерге келгенде еңбектерінің еш

кетпегенін көріп, сәл ғана қалған жерді аяғына дейін ойып бітіріп айналадағы елді мекендерге лап қояды.» (Иман негіздері. Смайыл Сейтбеков. ҚМДБ сараптау комиссиясы мақұлдаған. «Издательство АСТ Полиграф» ЖШС, 2011.323 б.)

Ал оның есіміне қоса жалғанып айтылып жүрген Зұлқарнайын деген сөз «қос мүйізді» деген мағынаны білдіреді екен. Кейбір ғалымдар оны пайғамбарға теңесе, кейбіреулері пайғамбар емес деген екі жақты көзқарас ұстанатындар да бар. Алайда ислам ғалымдары олардың қайсысы нақты немесе аңыз екендігін анықтаудың еш қажеттілігі жоқтығын ескертеді. Ең маңыздысы, ол да Алла Тағаланың құлы екенін мойындаймыз. Ескендір туралы ел аузында тараған бұдан да басқа аңыздар өте көп.

Поэма Шығыста Ескендір Зұлқарнайын деген атпен белгілі. Еуропада Александр Македонский аталатын ежелгі грек қолбасшысының өмірі жайындағы аңызға құрылған Ескендірді Еуропа ақындары да, Шығыстың Фердоуси, Низами, Әлшіер Науай, Жәми сияқты ұлы ақындары да жырларына қосқан. Абай бұл тақырыпты ескі үлгілердің еш қайсынан алмай, өзінше жаңа нұсқада жазып шыққан. Ақын Ескендірдің өмірбаян деректерін нақты келтіреді де, оның дүние жүзін жаулап алмақ болған шапқыншылық басқыншылығын сынайды. Соған орай поэмаға жас кезінде Ескендірдің тәрбиешісі болған ұлы философ Аристотельді кіргізеді. Әңгіменің желісінде жауыздыққа жетелейтін тойымсыздық, ашкөздік қу нәпсінің құлқыны екенін көрсете келе әділдікті, адалдықты, даналықты соған қарсы қояды. Алтын қақпа мен адамның көз сүйегін символ ретінде алады да, ол жұмбақты ақылға шештіреді.

Көпір көздің дүниеде араны үлкен, Алған сайын дүниеге тоя ма екен? Қанша тірі жүрсе де өлген күні, Өзге көзбен бірдей ақ болады екен, деп қорытындылай келе адамның санасына жарық сәуле шаады. Адам мен хайуанның парқын ажыратып, ұлы адамзаттық гуманизмге тәрбиелейді. «Қу өмір жолдас болмас әлі ақ өтер, Өз күлкіне өзін қарық болма бекер! Ұятқы мен арыңды малға сатып, Ұятсызда иман жоқ түпке жетер.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,

Бойың өлшеп сөйлесең, нең құрайды?

Жақсы болсаң жарықты кім көрмейді,

Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!, деп аяқтайды. Сонымен біз бұдан не түйдік?

Төкөппарлық — иманға баратын жолда адамның алдын жауып тұратын үлкен бір бөгет. Бұл ауру кез-келген жүректі дендесе, ол өзгенің бойындағы әрбір жетістікті көре алмай, сол жетістікті тек қана өз бойынан тапқысы келіп, іші оттай жана бастайды. Адам өзін тәрбиелегісі келсе, ең алдымен мінез құлқын осы мәнмендіктен арылтуы керек. Ол адам бойындағы ең қауіпті жыртықш сезім. Өйткені тойымсыз ашкөздікке бір бой алдырған жандардың ақиқатты танып білуі де, тура жолдан ажырамай мақсатына жетуі де қиын ...

Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Маман мерейі

ҚАЗІР КӨЛІК АПАТЫ ЖИІЛЕГЕН ШАҚТА ҮЛКЕНДЕРДІҢ АУЫЗЫНАН «ҚАУІПСІЗІ ПОЙЫЗ ҒОЙ» ДЕГЕНДІ КӨП ЕСТИТІН БОЛДЫҚ. РАСЫНДА ТАСЖОЛДА АЛЫСҚА САПАРЛАУҒА КӨБІСІ ЖҮРЕКСІНЕДІ. ӨЗІМІЗ ДЕ МЫНАУ ТҰРҒАН БАС ШАҺАРҒА БАРА ҚАЛСАҚ, ЖОЛАЙ ТАКИДЕН ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АЗАЙТУЫН ӨТІНЕМІЗ. ӨТКЕН-КЕТКЕННЕН МЫСАЛ КЕЛТІРІП, САБАЗДЫ САБАСЫНА ТҮСІРЕЙІН ДЕСЕҢ, ЖОЛ АПАТЫНА БАСҚА ДА ӨЗІНІҢ СЕБЕПТЕРІН АЙТЫП БОЛАДЫ, ТЫНДАП ОТЫРСАҢ, СӨЗІНІҢ ЖАНЫ БАР, ЖОЛ КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНА ТЕК ТЕМІР ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕГЕНДЕРДІ КІНӘЛАУ ДА ЖӨНСІЗ СИЯҚТЫ. ОСЫДАН КЕЙІН ҮЛКЕНДЕРДІҢ «ҚАУІПСІЗІ ПОЙЫЗ ҒОЙ» ДЕГЕНДІ НЕГЕ АЙТҚАНЫН ТҮСІНЕ ҚОЯСЫҢ.

Шойын жолда шыңдалған



Иә, автокөліктей жететін жеріңе жылдам алып бармаса да, қазір қауіпсіздік бойынша отарбадан ондысы жоқ. Алайда жолаушылардың сапары жайлы болуы үшін таңнан кешке дейін теміржолшылар анықтан еңбек етіп жатыр, күнделікті күйбең тірлікпен бұл сауалдың түйінін тарқатып жатқан кім бар дейсіз!

Не керек, кейіпкеріміз Дәулеткерей Ибрагиммен екеу-ара жасаған диалог барысында сан сауалға жауап тапқандай болдық, бір жағынан теміржолшылардың шойын-жолда жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қалай еңбек ететініне қанықтық.

Кейіпкеріміздің теміржол саласында он жылдық тәжірибесі бар, осынша уақытта саланың ыстығына күйіп, суығына тоңып, жауапкершілікті бірінші орынға қоя білген. Соның нәтижесі шығар, небары екі жыл қарапайым путис болып жүрген бозбала көп ұзамай бригадир болып шығар келді. Жастардың жұмыста сатылғанын естисек қуанамыз, өрине.

— Жұмысымыз таңғы сағат сегізден басталады, содан кешкі беске дейін шойынжолдың бойында уақытымыз өтеді. Жай өтпейді, жолдың бойында отарбадан өркін жүйткіуіне не көдеріп, соның барлығын анықтап, қалыптасқан ақауды тез арада қалпына келтіреміз. Әрқайсысымыздың өзімізге артылған міндетіміз бар, бригадир қарамағындағы әріптестеріне күнделікті атқаратын жұмысын анықтап береді және оны солармен бірге өзі де жүзеге асырады. Бізде «анау менің жұмысым, мынау сенің міндетің» деген қатып қалған қағида жоқ. Бәріміз жұмылып жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз, — дейді бригадир.

Дәулеткерей Ибрагим теміржол жөндеуші болып тұрғанда релстерді шалпаға кастегімен отырғызып, жолдың бойындағы басқа да ақауларды қалпына келтірумен айналысқан. Қазір де бұл жұмыстар жалғасын тауып жатыр. Негізінен теміржолшылар шойынжолды көктемде және күзде жаңалап отырады екен. Бұл жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарғандықтан сала майтамамдары осыған басымдық береді.

— Релстер көктемде және күзде ауысып отырады. Бұдан кей адамдарда «содан кейінгі мезгілдерде не істейді» деген сауал туындауы өбден мүмкін. Теміржолшылардың бір минут уақыты бос өтпейді, жаңа өздеріңіз де көріп отырсыздар, сіздер келгеннен қолы қалп еткен бір адам жоқ. Өзімізге белгіленіп берілген аумақта жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аянып қалмаймыз. Бү біздің міндетіміз де, соған адал болу — әрқайсысымызға парыз. Қарапайым халыққа да малды жайылымға қараусыз жібермеуі үшін түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Себебі қараусыз мал шойынжолдың бойына шығып мәселе туындауы мүмкін. Бетін ары қылсын, өзінше мұндай жағдайлар орын алған емес, бәлкім мұның барлығы түсіндірме жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілгенінің арқасы деп ойлаймын. Әріптестеріміздің әрқайсысының өзіне артылған міндеті бар, соған адал сондықтан мен олармен мақтанамын, — дейді кейіпкеріміз.

Иә, шойынжолдың бойында жай жүрген теміржолшы жоқ. Барлығы өз ісіне адал, «қайтсек қауіпсіздіктің алдын аламыз» деген сауалға жауап іздейді және осы жолдағы ізденісі де нәтижелі. Жолаушы не үшін жүргенін білер, бірақ сол қалың жұрттың қауіпсіздігі жолында қандай еңбек жүріп жатқанын бірі білсе, бірі білмесе.

Дәулеткерей бұған дейін салада өткен еңбегі үшін басшылық тарапынан бірнеше рет марапат төрінен де көрініпті. Алайда оған тоқмәйілісіп, жұмысын баяулатқан ол жоқ, керісінше қолы жеткен марапаттан шабыт алып, шойынжолда шыңдалып келеді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1235